

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 сәуірдегі N 394 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

**"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"
Қазақстан Республикасының Заңы**

1-бап . "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 16, 214-құжат; 1999 ж., N 19, 646-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 23, 309-құжат ; 2002 ж., N 23-24, 193-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 2-баптың 1-тармағындағы "реттейді" деген сөз "қолданылады" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 1-3), 2-1), 3-1), 3-2), 3-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-3) табиғи монополия субъектісінің үлестес тұлғасы - шешімді тікелей және (немесе) жанама айқындауға және (немесе) табиғи монополия субъектісі қабылдаған шешімге әсер ету, оның ішінде шарттың, ауызша шартты немесе өзге мәмілені қоса мүмкіндігі бар (берілген өкілеттіктердің шеңберінде оның қызметін реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардан басқа) тұлға, сондай-ақ табиғи монополия субъектісіне қатысты осындай құқығы бар кез келген тұлға;

2-1) ұзақ мерзімді кезең - бес жылдан астам уақыт аралығы;

3-1) инвестициялық бағдарлама (жоба) - жаңа активтерді жасауға, қазіргі бар активтерді кеңейтуге, қалпына келтіруге, қайта жаңартуға, қолдауға бағытталған қаражаттарды салу және қайтару, табиғи монополия субъектісінің негізгі құралдарын техникалық-экономикалық тиімділік алу мақсатында қысқа мерзімге, орташа мерзімге немесе ұзақ мерзімге қайта жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру бағдарламасы;

3-2) инвестициялық тариф (баға, алым ставкасы) - бір инвестициялық жобаның

шеңберінде уәкілетті орган бекіткен тариф (баға, алым ставкасы) немесе жаңадан құрылған, салынған инвестициялардың толық өтелімділігіне дейін жұмыс істейтін объектілерге көрсетілетін табиғи монополия субъектісінің реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған оның шекті деңгейі;

3-3) қысқа мерзімді кезең - бір жылға дейінгі уақытты қоса уақыт аралығы;" ;

4) т а р м а қ ш а д а :

"қызметтерін" деген сөздің алдынан "реттелетін" деген сөзбен толықтырылсын;

"тауарларын" деген сөздің алдынан "реттелетін" деген сөзбен толықтырылсын;

4-1) тармақша "қызметтеріне" деген сөз "немесе реттелетін қызметтерге (тауарларға , жұмыстарға) оның шекті деңгейіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-2), 4-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"4-2) тарифтің (бағаның, алым ставкасының) шекті деңгейі - орташа немесе ұзақ мерзімге бекітілетін табиғи монополия субъектісінің реттелетін қызметіне (тауарға, жұмысқа) арналған тарифтің (бағаның, алым ставкасының) ең жоғары шамасы;

4-3) орташа кезең - бір жылдан асатын бес жылға дейінгі уақытты қоса уақыт а р а л ы ғ ы ; " ;

5-2) тармақшадағы "қызметтерінің" деген сөз "реттелетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың)" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-3) тарифтік смета - уәкілетті орган жыл сайын және (немесе) орташа немесе ұзақ кезеңге арналған реттелетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) мөлшерінде бекітетін көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) кірістері мен шығыстарының статъялары, көлемдері туралы көрсеткіштері мен уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша табиғи монополия субъектісі қызметінің басқа экономикалық көрсеткіштері;" ;

мынадай мазмұндағы 5-4), 6-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"5-4) техникалық сараптама - іске қосылған активтердің техникалық жай-күйін (техникалық сипаттамасын) талдау және активтерді жұмыс істеу қалпында ұстауды қамтамасыз ететін жұмыстар жүргізудің қажеттігі, технологиялық процестің, технология өндірісінің материалдық, еңбек шығындарының белгіленген нормаларына сәйкестігін қоса тиімділігі, инвестициялық бағдарламаларды (жобаларды) жүзеге асырудың қажеттілігін бағалау, ұсынылатын реттелетін қызметтердің түрлері бойынша негізгі құралдарды бөлудің іске қосылған деңгейі және дұрыстығы;

6-1) қаржылық сараптама - олардың табиғи монополиялар туралы заңнаманың және уәкілетті орган шешімдерінің орындалуын бағалау мақсатында табиғи монополия субъектісінің қаржы-шаруашылық қызметін, сондай-ақ табиғи монополия субъектісі қызметінің қаржылық көрсеткіштеріне қолданылатын тарифтерге (бағаларға, алымдар ставкаларына) әсерін талдау, тарифтік сметаның орындалуын тексеру (бағалау) және есеп саясатын сақтау, уәкілетті органмен келісілген инвестициялық бағдарламалардың

(ж о б а л а р д ы ң) о р ы н д а л у ы ; " ;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) табиғи монополия субъектісінің реттелетін қызметтері (тауарлары, жұмыстары) - табиғи монополия саласындағы табиғи монополия субъектісі ұсынатын және уәкілетті органның мемлекеттік реттеуіне, қызметтерді тұтынушыға белгілі бір тауар беру түрінде ұсыну жағдайларын қоса жататын қызметтер (тауарлар, жұмыстар);";

3) 4 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап. Табиғи монополиялар аясы"

1 - т а р м а қ т а :

"аясында" деген сөз "аяларында" деген сөздермен ауыстырылсын;

"мынадай іс-әрекет түрлері" деген сөздер алынып тасталсын;

3-1) тармақшадағы "жылыту қазандықтарында, өндірістің құрамдастырылған үлгісіндегі стансаларында өндіру" деген сөздер алынып тасталсын;

4-1) тармақшадағы "бәсекелес кірме жолдар және оны салудың технологиялық мүмкіндіктері не экономикалық тиімділігі болмаған кездегі кірме жолдардың қызметтері" деген сөздер алынып тасталсын;

5) тармақшадағы ", айлақтар, әуежайлар" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) порттардың, әуежайлардың қызметтері";

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) телекоммуникациялардың техникалық мүмкін еместік не экономикалық мақсатсыздық себебі бойынша, тарифтерін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын телекоммуникациялардың әмбебап қызметтерін қоспағанда, осы қызметтерді көрсететін нақты байланыс операторының болмау жағдайы кезіндегі қ ы з м е т т е р і ; " ;

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

6-1) телекоммуникациялар желілерін жалпы пайдаланудағы телекоммуникациялар желілеріне қосу мақсатында жалға немесе кабельдік арналар мен технологиялық мүлікті пайдалануға қызметтер ұсыну;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Уәкілетті орган осы баптың 1-тармағында санамаланған табиғи монополиялар саласының табиғи монополия субъектілерінің осы сала шеңберінде ұсынылатын қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын) реттелетінге жатқызу мәнін талдауды жүзеге а с ы р а д ы .

Реттелетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілетті органның ұсынуы бойынша бекітеді.";

2 - т а р м а қ т а :

"табиғи монополия" деген сөздер "табиғи монополиялар" деген сөздермен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

", ұсынылатын реттелетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) нақты түрлерін көрсете отырып" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтағы "Табиғи монополия" деген сөздер "Табиғи монополиялар" деген сөздермен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3 - 1 - тармақ алынып тасталсын;

4) 5 - б а п т а :

"Табиғи монополия" деген сөздер "Табиғи монополиялар" деген сөздермен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

1 - т а р м а қ т а :

1) тармақшадағы "өзінің негізгі қызметіне" деген сөздер "табиғи монополиялар салаларына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы "қызметтер" деген сөз "реттелетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар)" деген сөздермен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

4) т а р м а қ ш а д а :

"ұсынылған" деген сөз "реттелген" деген сөзбен ауыстырылсын;

"ескерілмеген" деген сөзден кейін "реттелген" деген сөзбен толықтырылсын;

"немесе олардың шекті деңгейлері" деген сөздермен толықтырылсын;

5) т а р м а қ ш а д а :

"қызметтерге" деген сөз "реттелетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға)" деген сөздермен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"қызметтер" деген сөз "реттелетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар)" деген сөздермен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) өндіріске және реттелетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) ұсыну үшін пайдаланылатын меншік құқығына және өзге де заңды негізде тиесілі мүлікті сенімді басқаруға, мүліктік жалдауға, лизингке беруге;"

б) тармақшадағы "қызметтері" деген сөз "реттелетін қызметтері (тауарлары, жұмыстары)" деген сөздермен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

7) т а р м а қ ш а д а :

"қызмет көрсетулер" деген сөздердің алдынан "реттелетін" деген сөзбен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"тұтынушыларға" деген сөзден кейін "реттелетін" деген сөзбен толықтырылсын;

8) тармақшадағы "қызмет көрсетулерге (тауарларға, жұмыстарға)" деген сөздер немесе реттелетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) олардың шекті деңгейіне" деген

с ө з д е р м е н

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) мемлекеттік органдар өздерінің құзыреті шегінде белгілеген реттелетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) сапасына қойылатын талаптарға сәйкес

келмейтін ұсынылатын реттелетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) ақы талап етуге . " ;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың 1-тармағының 4) және 6) тармақшаларында көзделген шектеулерді сақтау мақсатында, табиғи монополия субъектісінің олар ұсынатын реттелетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) үшін төлемдер қабылдау кассасының болуы міндетті."

;

5) 6 - б а п т а :

1-1) тармақша "ұсынылатын" деген сөзден кейін "реттелетін" деген сөзбен толықтырылсын ;

мынадай мазмұндағы 1-3) тармақшамен толықтырылсын:

"1-3) өзінің таңдауы бойынша тарифті (бағаны, алым ставкасын) бекітуге немесе реттелетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) арналған оның шекті деңгейіне арналған өтінімді уәкілетті органның қарауына ұсынуға;" ;

6) 7 - б а п т а :

2) тармақша мынадай мазмұнда жазылсын:

"2) мемлекеттік басқару органдары өздерінің құзыреті шегінде уәкілетті орган ұсынған реттелетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) бекіткен тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін ескере отырып, белгілеген ұсынылатын реттелетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) сапасына қойылатын талаптарға сәйкес, реттелетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тұтынушыларға жалпыға бірдей қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге;" ;

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) олар ұсынған қызметтер (тауарлар, жұмыстар) үшін тұтынушылардан өз кассалары, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдар арқылы төлемдер қабылдауды қамтамасыз етуге;" ;

3) т а р м а қ ш а д а :

"ескерілген" деген сөзден кейін "реттелетін" деген сөзбен толықтырылсын;

"жағдайларда," деген сөзден кейін "реттелетін" деген сөзбен толықтырылсын;

", оның ішінде уәкілетті орган бекіткен тәртіппен реттелетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тең жағдайлармен қол жеткізуге" деген сөздермен толықтырылсын ;

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) тарифтің (бағаның, алым ставкасының) шекті деңгейі бекітілген жағдайда, барлық тұтынушыларға тарифтің (бағаның, алым ставкасының) шекті деңгейінен аспайтын тарифтер (бағалар, алым ставкалары) бойынша реттелетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) ұсынуға;" ;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық кесімдерінде

белгіленген тәртіппен шығындары табиғи монополия субъектісінің реттелетін қызметтеріне тарифті (бағаны, алым ставкасын) немесе оның шекті деңгейін және тарифтік сметаларды бекіту кезінде ескерілетін тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді с а т ы п а л у д ы ж ү з е г е а с ы р у ғ а ; " ;

7) тармақшадағы "Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңдарында белгіленген аудит жүргізу шартына қосымша талаптарға сәйкес" деген сөздер ", осы Заңның 15-бабының 3-тармағында көрсетілген, үш жылда бір рет міндетті аудит жүргізетін табиғи монополия субъектілерінен басқа" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

7-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7-1) реттелетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және тұтастай уәкілетті орган бекіткен тәртіппен өзге қызмет бойынша табыстарды, шығындар мен іске қосылған активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізуге;" ;

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) ұсынылатын реттелетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түріне тұтынушылармен Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен үлгі шарттарға сәйкес ж е к е ш а р т т а р ж а с а с у ғ а ; " ;

10) тармақша "тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын)" деген сөздерден кейін "немесе олардың шекті деңгейлерін" деген сөздермен толықтырылсын;

12) тармақша "қызметтер" деген сөздің алдынан "реттелетін" деген сөзбен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

13) тармақша "тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын)" деген сөздерден кейін "кешіктірмей" деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 14), 15), 16) тармақшалармен толықтырылсын:

"14) уәкілетті орган бекіткен талаптарға сәйкес өз қызметіне:

қаржылық - екі жылда бір реттен кем емес;

техникалық - бес жылда бір реттен кем емес тәуелсіз сараптама жүргізуге;

15) Қазақстан Республикасының салық заңнамасы өзгерген жағдайда, соның салдарынан табиғи монополия субъектісінің шығындарының құны аталған өзгерістер қолданысқа енген күннен бастап азайса, барлық тұтынушылар үшін ұсынылатын реттелетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) үшін тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) және олардың шекті деңгейін төмендетуге;

16) сауда-саттықта тендер нысанында, мүліктерді мемлекет меншігіне беру жағдайларынан басқа реттелетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) өндіруге және ұсынуға арналған мүлікті иеліктен айыруға міндетті.;" ;

7) 10-баптың 1) тармақшасындағы "қызметтерін" деген сөз "реттелетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды)" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 1 1 - б а п т а :

2 - т а р м а қ :

"субъектісінің" деген сөзден кейін "реттелетін" деген сөзбен толықтырылсын;
3-тармақ "қызметтерін" деген сөзден кейін "(тауарларын, жұмыстарын)" деген сөздермен толықтырылсын;

9) 12-бап мынадай редакцияда жазылсын:
"12-бап. Уәкілетті орган

Уәкілетті органның ережесін, құрылымын және жалпы штат санын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.";

10) 13-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) табиғи монополия субъектісінің реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін есептеудің кемсітпеушілік әдістемесін әзірлейді, бекітеді және қолданады;" ;

11) 14-бапта :

1-тармақта :

2) тармақша "реттейтін" деген сөзден кейін "және бақылайтын" деген сөздермен толықтырылсын ;

3) тармақша "және бақылауды" деген сөздермен толықтырылсын;
мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) қажет болған жағдайда, табиғи монополия субъектілерінің қызметіне қаржылық және (немесе) техникалық сараптама жүргізуге;" ;

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) табиғи монополиялар туралы заңнама бұзылған жағдайда, табиғи монополия субъектілеріне, мемлекеттік органдарға орындалуы міндетті нұсқама мен табиғи монополия субъектілерін қайта ұйымдастыру туралы және (немесе) мүлікті иеліктен айыру туралы нұсқама енгізуге;" ;

9-1) тармақшадағы "субъектілерінің" деген сөзден кейін "реттелетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды)" деген сөздермен толықтырылсын;

9-2), 9-3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"9-2) табиғи монополия субъектілерінің реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін және табиғи монополия субъектілерінің тарифтік сметаларын олар белгілеген тәртіппен өзгертуге бастамашылық жасауға;" ;

9-3) шығындары табиғи монополия субъектісінің реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін және тарифтік сметасын бекіту кезінде ескерілетін сатып алулар үшін бақылауды жүзеге асыруға;" ;

9-4) тармақша алынып тасталсын;

9-6) тармақша "субъектісінің" деген сөзден кейін "реттелетін" деген сөзбен толықтырылсын ;

мынадай мазмұндағы 9-7), 9-8), 9-9) тармақшалармен толықтырылсын:

"9-7) реттелетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түрі бойынша және тұтастай өзге қызмет бойынша табыстарды, шығындар мен және іске қосылған активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу тәртібін бекітуге;

9-8) тағайындалатын оңалтушы басқарушының кандидатурасын және табиғи монополия субъектілерінің оңалту жоспарын келісуге;

9-9) табиғи монополия субъектісінің реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейін мемлекеттік органдар өздерінің құзыреті шегінде белгілеген сапаға қойылатын талаптарды ескере отырып бекітуге;"

1 2) 1 4 - 1 - б а п т а :

1) т а р м а қ ш а д а :

"тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын)" деген сөздерден кейін "немесе олардың шекті деңгейлерін" деген сөздермен толықтырылсын;

"тарифке (бағаға, алым ставкасына)" деген сөздерден кейін "немесе оның шекті деңгейіне" деген сөздермен толықтырылсын;

"тарифтік сметада көзделген амортизациялық аударымдардың қаражаттарын мақсатсыз пайдалануға және тариф сметасының шығын баптарын орындамауға" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақша "немесе олардың шекті деңгейлерін" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақша алынып тасталсын;

5), 6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"5) табиғи монополия субъектілерінің тарифтерін (бағаларын, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітуге берген өтінімдерін қарау кезінде жария т ы ң д а у л а р ө т к і з у г е ;

6) м ы н а л а р д ы :

тарифтік сметаларды, тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітуге;

тарифтік сметалардың жобаларын, тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін ұсыну;

уақытша төмендету коэффициентін бекіту тәртібін айқындауға міндетті.;"

1 3) 1 5 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

мына мазмұндағы 1-1), 1-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) тарифтің (бағаның, алым ставкасының) шекті деңгейін бекітумен;

1-2) инвестициялық тарифті (бағаны, алым ставкасын) бекітумен;"

4) тармақшадағы "ерекше тәртібімен" деген сөздер "ерекше тәртіпті бекітумен" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5), 6) тармақшалармен толықтырылсын:

"5) реттелетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түрі бойынша және тұтастай өзге қызмет бойынша табыстарды, шығындарды, іске қосылған активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу тәртібін бекітумен;

б) есепке алу саясатын келісумен жүзеге асырылады.";
мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Жылына айлық есептік көрсеткіштері 350 000-нан аспайтын реттелетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) көрсетуден алынған табыс табиғи монополия субъектілерінің қызметіне Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін мемлекеттік реттеудің оңайлатылған тәртібі қолданылады. Көрсетілген табиғи монополиялар субъектілерінің тізбесін облыс (республикалық маңызы бар қалалық, астана) әкімдерінің ұсынымы бойынша уәкілетті орган бекітеді.";

1 4) 1 5 - 1 - б а п т а :

тақырыбындағы "субъекті қызметтеріне" деген сөздер "субъектісінің реттелетін қызметтеріне" деген сөздермен ауыстырылсын, "тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) деген сөздерден кейін "немесе олардың шекті деңгейлерін" деген сөздермен

толықтырылсын;" ;

1 - т а р м а қ т а :

"субъекті қызметтеріне" деген сөздер "субъектісінің реттелетін қызметтеріне" деген сөздермен ауыстырылсын, "тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) деген сөздерден кейін "немесе олардың шекті деңгейлерін" деген сөздермен толықтырылсын;" ;

"қызметтерді ұсыну" деген сөздердің алдынан "реттелетін" деген сөзбен толықтырылсын ;

2 - т а р м а қ т а :

"тарифті (бағаны, алым ставкасын)" деген сөздерден кейін "немесе оның шекті деңгейін" деген сөздермен толықтырылсын;

1) тармақша "немесе оның шекті деңгейін" деген сөздермен толықтырылсын;
мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік кепілдігімен бұрын алынған кредиттерді қайтаруды қамтамасыз етуді;" ;

3) тармақша "немесе оның шекті деңгейін" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақша "немесе оның шекті деңгейін" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Табиғи монополия субъектісінің реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифке (бағаға, алым ставкасына) немесе оның шекті деңгейіне есептеу құралдарын сатып алу және орнату шығындары уәкілетті орган белгілеген тәртіппен қосылады." ;

1 5) 1 6 - б а п т а :

тақырыбы "немесе олардың шекті деңгейлері мен тарифтік сметалардың" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақта "ұсынылатын қызметтерге (тауарларға, алымдар ставкаларына) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекіту (өзгерту)" деген сөздер "ұсынылатын реттелетін қызметтерге (тауарларға, алымдар ставкаларына) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін бекіту" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - тармақта :

"тарифтік сметаны және тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) жобаларын" деген сөздер "тарифтік сметалардың және тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) жобаларын" деген сөздермен ауыстырылсын; "өзінің" деген сөз "реттелетін" деген сөзбен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы екінші бөліммен толықтырылсын:

"Тарифтің (бағаның, алым ставкасының) шекті деңгейі бекітілген жағдайда, табиғи монополия субъектісі уәкілетті органға тарифті (бағаны, алым ставкасын) қарауға олар қолданысқа енгізілгенге дейін бір жүз сексен күн бұрын өтінім ұсынады.";

екінші бөлімдегі "тарифтер (бағалар, алымдар ставкалары)" деген сөздерден кейін "немесе олардың шекті деңгейлері мен тарифтік сметалары" деген сөздермен толықтырылсын;

3 - тармақта :

"көрсететін" деген сөзден кейін "реттелетін" деген сөзбен толықтырылсын; "күн ішінде" деген сөздерден кейін ", ал тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) шекті деңгейін бекіткен жағдайда, бір жүз алпыс бес күн ішінде" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші сөйлемнің "тарифтер (бағалар, алымдар ставкалары) деген сөздерден кейін "немесе олардың шекті деңгейлері" деген сөздермен толықтырылсын;

16) 17 - бапта :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Табиғи монополия субъектілерінің реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) қолданыстағы тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін және тарифтік сметаларын өзгертуге арналған өтінімді қарауға қабылдаған жағдайда, уәкілетті орган, қажет болған жағдайда, тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) немесе олардың шекті деңгейлерінің және тарифтік сметалардың жобаларына қосымша қаржылық және (немесе) техникалық сараптаманы, бұл үшін тәуелсіз сарапшыларды, мемлекеттік органдарды, тұтынушыларды және олардың қоғамдық бірлестіктерін, жобаны ұсынушы табиғи монополия субъектілерін тарта отырып жүргізеді.

1 - 1 - тармақта :

"өткізген жағдайда" деген сөздер "өткізген кезде" деген сөздермен ауыстырылсын;

"он бес" деген сөз "жеті" деген сөзбен ауыстырылсын;
"қызметтеріне" деген сөз "немесе реттелетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға)
олардың шекті деңгейлеріне" деген сөздермен ауыстырылсын;
1 7) 1 8 - б а п т а :

тақырып "немесе олардың шекті деңгейлері мен тарифтік сметаларын" деген
с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

2-тармақтағы "қызметтерінің (тауарларының, жұмыстарының) тарифтерін (бағаларын, алымдар ставкаларын)" деген сөздер "реттелетін қызметтерінің (тауарларының, жұмыстарының) тарифтерін (бағаларын, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлері мен тарифтік сметаларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) өзгерту" деген сөздер "реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) бекіту" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

4-тармақ "тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының)" деген сөздерден кейін "немесе олардың шекті деңгейлерінің" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақтың бірінші бөліміндегі:
бірінші с ө й л е м д е г і :

"тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын)" деген сөздерден кейін "және тарифтік сметаларды" деген сөздермен толықтырылсын;

"Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген" деген сөздер "уәкілетті орган айқындаған" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші сөйлем "тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын)" деген сөздерден кейін "және тарифтік сметаларды" деген сөздермен толықтырылсын;
мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Активтер жасалған мәмілелердің немесе банкрот деп танылған қарызгер - табиғи монополия субъектісінің конкурстық массасын өткізудің нәтижесінде оның меншігіне түскен табиғи монополия субъектісі тұтынушыларға осы активтерді иеленушілер үшін уәкілетті орган бұрын бекіткен реттелетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) немесе тарифтерге (бағаларға, алымдар ставкаларына) немесе олардың шекті деңгейлеріне және тарифтік сметаларға реттелетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) және тарифтік сметаларды бекітуге өтінім ұсынғанға дейінгі конкурстық өндіріс процесінде өндіріп алынған мүліктерді ұсынады, бірақ бұл алты айдан аспауға тиіс.";

6 - т а р м а қ т а :

"тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын)" деген сөздерден кейін "және тарифтік сметаларды" деген сөздермен толықтырылсын;
мынадай мазмұндағы екінші бөліммен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының салық заңнамасы өзгерген жағдайда, соның

нәтижесінде табиғи монополия субъектісінің шығын құны азаяды, уәкілетті орган өзінің бастамасы бойынша тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін табиғи монополия субъектісінің осындай шығынның азаюын ескере отырып бекітеді, көрсетілген өзгерістер қолданысқа енгізілген күннен б а с т а п қ о л д а н ы л а д ы . " ;

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Уәкілетті орган тарифтің (бағаның, алым ставкасының) шекті деңгейін бекіткен кезде тарифтің (бағаның, алым ставкасының) белгілі бір шамасының қолданыс мерзімі б е л г і л е н е д і . " ;

"Тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) шекті деңгейін енгізу тиісті жылдың бірінші шілдесінен бастап жүзеге асырылады.";

1 8) 1 8 - 1 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

"қызметін" деген сөз "реттелетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды)" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) (егер өзге мәмілелер жасауға қатысты табиғи монополия субъектісінің иеліктен айырылған мүліктерінің немесе табиғи монополия субъектісінің мүліктерінің қаржылық жылға арналған баланстық құны жыл басындағы оның активтерінің баланстық құнынан 0.05 пайыз асып кетсе) және олар табиғи монополия субъектісінің реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін өсіруге, үзілмейтін байланыстағы т е х н о л о г и я л ы қ ж и е н і б ұ з у ғ а ,

ұсынылатын реттелетін қызметтердің (өндірілетін тауарлардың, жұмыстардың) көлемдерін үзуге не елеулі төмендетуге алып келмейтін жағдайда табиғи монополия субъектісінің мүлкін иеліктен айыруға және онымен өзге мәмілелер жасауға;"

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) қаржылық жылда құндық көрінісі оның активтерінің баланстық құнынан 0,05 пайыз артатын реттелетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсыну үшін пайдаланылатын табиғи монополия субъектісі жалға алған мүліктер және мүліктік жалдау шартын жасаған кезде табиғи монополия субъектісінің реттелетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін арттыруға, тұтынушылармен жасалған шарттарды бұзуға, технологиялық жүйемен үзіліссіз байланысты бұзуға, ұсынылатын реттелетін қызметтерді (өндірілетін тауарларды, жұмыстарды) үзуге не олардың көлемдерін е д ә у і р а з а й т у ғ а а л ы п к е л м е й д і ; " ;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) табиғи монополия субъектісінің реттелетін қызметтермен (тауарлармен, жұмыстармен) технологиялық байланысты, өзге де қызметті жүзеге асыруына, пошта

туралы заңнамада белгіленген қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ осы қызметтен алынған табыстар табиғи монополия субъектісінің барлық қызметінен бір күнтізбелік жыл ішінде алынған табыстардан бес пайыз аспайтындай жағдайда жүзеге асыруына;"

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) табиғи монополия субъектісінің жарғылық капиталындағы дауыс беретін акцияларының (үлестерінің) он пайыздан астамын жеке немесе заңды тұлғалардың (немесе тұлғалар тобының) сатып алуына;"

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Реттелетін қызметтермен технологиялық байланысты қызмет түрлерінің тізбесін уәкілетті орган өз құзыретінің шегінде мемлекеттік органмен немесе жергілікті атқарушы органмен, егер табиғи монополия субъектісі табиғи монополиялар субъектілерінің Мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөліміне енгізілсе және (немесе) коммуналдық меншікте болса мемлекеттік органды Қазақстан Республикасының Үкіметі жергілікті атқарушы және өкілетті органдардың ұсынуы бойынша айқындаған жағдайды қоспағанда, бірлесіп бекітеді.

19) 18-2-бап алынып тасталсын;

20) "ұсынылатын" деген сөзден кейін "реттелетін" деген сөзбен толықтырылсын;

21) 18-4-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Шығындары табиғи монополия субъектісінің реттелетін қызметтеріне тарифтер (бағалар, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін және тарифтік сметаларды бекіту кезінде ескерілетін тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу осы баптың 4 және 5-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, тендер нысанында жүзеге асырылады.";

3-тармақтағы "Қазақстан Республикасының заңдарымен" деген сөздер "уәкілетті органмен" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1, 5-1 және 7-1-тармақтармен толықтырылсын:

"3-1. Табиғи монополия субъектісі өзінің үлестес тұлғалары үшін конкурстың бірыңғай ұйымдастырушысы ретінде шығуға құқылы.

5-1. Табиғи монополия субъектісінің үлестес тұлғаларының аталған табиғи монополия субъектісі өткізетін тендерге (лотқа) қатысуға, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген жағдайларды қоспағанда, құқықтары жоқ;

7-1. Шығындары табиғи монополия субъектісінің реттелетін қызметтеріне тарифтер (бағалар, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін және тарифтік сметаларды бекіту кезінде ескерілетін тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді рыноктық бағадан жоғары бағамен сатып алған жағдайда уәкілетті орган тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің рыноктық құнынан асатын жұмсалған шығындарды бекітілген тарифтік сметадан және (немесе) тарифтік сметаның жобасын, тарифті (бағаны, алым ставкасын) немесе оның шекті деңгейін кейіннен қарау кезінде тарифке (

бағаға, алым ставкасына) немесе олардың шекті деңгейлеріне енгізілетін шығындардан
а л ы п т а с т а у ғ а қ ұ қ ы л ы .

Тендер өткізу кезінде қалыптасқан тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің)
рыноктық бағасын бағалау қызметі туралы заңнамаға сәйкес уәкілетті орган тартқан
бағалаушы жасаған бағалау туралы есептің негізінде айқындалады.";

8-тармақ "тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын)" деген сөздерден кейін "
немесе олардың шекті деңгейлерін" деген сөздермен толықтырылсын;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Осы бапта көзделген талаптар теңгерімдік электр энергиясын,
орталықтандырылған сауда-саттықтардағы, спот рыногындағы электр энергиясын
электр энергетикасы туралы заңнамаға сәйкес сатып алуды жүзеге асыратын табиғи
монополия субъектілеріне қолданылмайды.";

2 2) 1 9 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

"субъектілері" деген сөзден кейін ", мемлекеттік органдар," деген сөздермен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) осы заңға сәйкес келмейтін кесімдерді алып тастауға немесе өзгертуге;"

2-тармақтағы "негізіндегі" деген сөзден кейін ", сондай-ақ табиғи монополия
субъектісінің тарифтік сметаны орындауын талдау қорытындысы бойынша" деген
с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

23) мынадай мазмұндағы 19-1 баппен толықтырылсын:

"19-1 бап. Уәкілетті органның нұсқамасы

1. Уәкілетті органның нұсқамасын табиғи монополия субъектілері, мемлекеттік
органдар, олардың басшылары шешімдерде (нұсқамаларда) көзделген мерзімде, бірақ
оларды алған күннен бастап 30 күннен кешіктірмей орындайды.

2. Мемлекеттік органдар осы Заңды бұзып қабылдаған кесімдерді алып тастау
немесе өзгерту туралы, не алғашқы жағдайға келтіру жөніндегі нұсқамаларды
орындамаған жағдайда, уәкілетті орган осы кесімдерді (толық немесе ішінара)
жарамсыз деп тану туралы және (немесе) алғашқы жағдайға келтіруге мәжбүрлеу
туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

3. Табиғи монополия субъектісі нұсқаманы орындамаған жағдайда, уәкілетті орган
табиғи монополия субъектісін нұсқамада көрсетілген іс-әрекеттерді жасауға мәжбүрлеу
туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.";

2 4) 2 1 - б а п :

"тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын)" деген сөздерден кейін "немесе
олардың шекті деңгейлерін" деген сөздермен толықтырылсын;

"қызметтер" деген сөз "реттелетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар)" деген
сөздермен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ